

Сбербанк қарақұмық жармасын өндіретін зауыттың құрылысын 360 миллион теңгеге қаржыландырды

14 наурыз 2018 жыл, Қостанай - Сбербанк және «Мебико» компаниясы 360 миллион теңге сомасына кредиттік желі ашу туралы келісім жасады. Қаржыландыру қуаттылығы тәулігіне 55 тонна қарақұмық жармасын өңдеуге жететін зауыттың құрылысына жіберіледі.

«Өңдеуші өнеркәсіп саласында және экономиканың басым секторларында қызмет атқаратын кәсіпкерлерге салалық қолдау көрсету» екінші бағыты аясындағы кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау мақсатында бұл жоба «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасына қосылған болатын.

«Сбербанк бизнесті қолдау бойынша көптеген мемлекеттік бағдарламаларға қатысады және бұл бағыт біз үшін басымдылыққа ие», - дейді «Сбербанк» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасының корпоративтік бизнес жөніндегі орынбасары Ельдар Тенизбаев. - Қаражатты сапалы және жылдам игеру бағдарламаны тиімді іске асырудың негізгі шарттарының бірі болып табылады. Бизнес үшін бұл жаңа өндіріс ашуға, сапаны арттыруға және қазақстандық өнімнің имиджін арттыруға таптырмайтын мүмкіндік. Сонымен қатар, салалық қолдау Қазақстанның өңдеу өнеркәсібін дамытуға мүмкіндік береді».

Келісімнің шарттарына сәйкес қаржыландыру 60 айға, жарты жылдық қолжетімділік мерзімімен бірге берілген. Сыйақы мөлшерлемесі - жылдық 15%-ды құрайды, оның 10%-ын мемлекет субсидиялайды.

«Біздің зауыттың ерекшелігі оның Солтүстік Қазақстандағы жалғыз зауыт болуында. Осы жобаның арқасында 32 жұмыс орны ашылды. Заманауи жабдықтың пен қарақұмықты барынша көп шығаруға мүмкіндік беретін технологияның есебінен дайын өнімді сату бағасы бәсекеге қабілетті болады. Сбербанктің қаржыландыруы мен мемлекеттік көмегі бізге қазақстандық нарықта мықтап орын алуға және өніміміздің экспортталу үлесін арттыруға мүмкіндік береді», - дейді «Мебико» ЖШС директоры Халим Кадыров.

#####

«Мибеко» - ЖШС - бұл ұн, жарналар, кебек, майлы және дәнді дақылдар өндіретін компания. Өнімдері бүкіл Қазақстан бойынша сатылады, сондай-ақ жақын шетелге экспортталады.

«Сбербанк» АҚ ЕБ халықаралық Сбербанк тобына кіреді. Банк Қазақстанның қаржы нарығында 11 жыл табысты жұмыс істеп келеді және активтерінің көлемі бойынша Қазақстандағы ЕДБ арасында 4-орынды алады. Бүгінгі таңда «Сбербанк» АҚ ЕБ-нің 89

құрылымдық бөлімшеден тұратын филиалдық желісі бар, оның 16-сы - филиал. Банктің Орталық офісі Алматы қаласында орналасқан.

www.sberbank.kz

Қосымша ақпаратты алу үшін Сіз әрдайым төмендегі қызметкерлерге хабарласа аласыз:

«Сбербанк» АҚ ЕБ

Екатерина Купреева

+7 (727) 266 35 68, ішкі 502499.

Моб:+7 702 18 16 127

e-mail: yekaterina.kupreeva@sberbank.kz